


қысымға дейін көміртек диоксидімен толтырады және араластырғыш пен қыздырғышты қосады. Реакциялық қоспаның температурасын 4 сағат бойы 115<sup>0</sup>С дейін көтереді. Осы күйде 1 сағат ұстайды (T=115<sup>0</sup>С, P<sub>CO2</sub>=10 атм). Бұдан кейін араластырғыш пен қыздырғышты өшіріп, автоклавты бөлме температурасына дейін салқындатады. Реакциялық қоспаны сумен өңдейді. Өрекеттеспеген α-нафтол бөліп алу үшін сулы фазаны толуолмен экстрагирлейді. Органикалық фазадан еріткішті бөліп алған соң, 1,73 г α-нафтол алынады. Сулы фазаны күкірт қышқылымен қышқылдау арқылы 2,3 г (48,0%) 1-окси-4-нафтой қышқылы алынады; балқу т. 182-183<sup>0</sup>С; Реакцияға түскен α-нафтолға есептегенде, 1-окси-4-нафтой қышқылының шығымы 81,6% құрайды. Әдебиеттік мәліметтер: балқу т. 183-184<sup>0</sup>С [Словарь органических соединений. М.: Изд-во иностр. лит-ры, 1949. Т.2. С.301].

**2-Окси-3-нафтой қышқылын β-нафтолды натрийэтилкарбонатпен карбоксилдеу арқылы синтездеу**



*Қажетті реактивтер, ыдыстар мен аспаптар:*

1 автоклав типті лабораториялық қондырғы

2 шыны стакан (100 мл)

1 шыны таяқша

1 бөлгіш воронка (100 мл)

1 пипетка (10 мл)

сүзгі қағаз

1 Шотт сүзгісі (№3)

1 соруға арналған шөлмек

β-нафтол (3,6 г)

натрийэтилкарбонат (3,08 г)

көміртек диоксиді (баллон)

дистил. су

толуол (21 мл)